

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

3. Смит, Д. және Линч, Р. "XXI ғасырдағы инклюзивті білім". - Лондон: Білім Кітаптары, 2019. – 320 б.
4. Харпер, С. және Янг, А. "мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру ортасын бейімдеу". // Инклюзивті білім, Т. 5, № 2, 2019. - Б. 45-60.
5. Гринвуд, К. және Хэнкс, Д. "инклюзивті сыныптағы психологиялық қолдау". // Психология және білім, Т. 7, №1, 2021. - 75-89 Б.
6. Мартин, А. және Томпсон, Дж. "Инклюзивті сыныптағы мұғалімнің рөлі". - М.: Освита, 2020. – 214 б.
7. Уилсон, Г. және Линдсей, П. "бастауыш мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау әдістері". // Қазіргі білім журналы, № 3, 2018. – 112-130 ББ

ОӘК 378. 417

КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ӘСЕРІ

Насипбаева Айгерим Талгатовна

nasipbaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана

Ғылыми жетекші: М.П.Асылбекова - п.ғ.к., профессор м.а.

Кибербуллинг - цифрлы технологияларды, нақтырақ айтсақ, әлеуметтік желілер, түрлі мессенджерлер, ойын платформалары мен ұялы телефонды қолдану арқылы қорқытып, зорлық көрсету. Олардың мақсаты - белгілі бір адамның не топтың ар-ожданына, абыройына нұқсан келтіру, бопсалау, ашуландыру. Мамандар бұл әсіресе, жасөспірім балалар үшін қауіпті әрі кері әсері біраз уақытқа созылуы мүмкін екенін айтады. Физикалық салдарынан басқа, балалар эмоциялық және психикалық тұрғыдан өте ауыр соққы алады.

Қазақстанда нақты кибербуллинг проблемасына қатысты заңнаманы жетілдіру мәселесі күн тәртібінде тұр. Бұған дейін Мемлекет басшысы жолдауларының бірінде кибербуллингті заңдық негізде енгізу, әсіресе балаларды қорғауға қатысты шаралар қабылдау керек екенін айтқан еді. Оның сөзінше, бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанның азаматтары да интернеттегі ғайбаттаулардан қорғана алмай отыр. «Бұдан ең алдымен балалар зардап шегуде. Олар интернет арқылы тараған қоқан-лоқының әсерінен қатты қиналады. Өкінішке қарай, соның салдарынан қайғылы жағдайға да ұшырап жатады. Азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау жөніндегі заңнамалық шараларды қабылдайтын кез келді», -деп баса айтқан еді Қасым-Жомарт Тоқаев [1].

Балалар мен жасөспірімдердің қазіргі таңда интернетте көбірек уақыт өткізетінін ескерсек, оның салдарымен күресу де біраз уақытты қажет етеді, бұл Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын және негізгі стратегиялық бағыттарын айқындайтын «Білім беруді дамыту тұжырымдамасы» мемлекеттік тәуелсіздікті қалыптастыру мен нығайтудың, елдің прогресшіл дамуының негізін құрайды. Бұл тұжырымдамада көрсетілгендей ағымдағы жағдай және білім беруді, дамытуды тежейтін факторлар бөлімінде негізгі мәселе жасөспірімдерің эмоциялық дағдарыстары деп көрсетіледі.

Қазір қоғамда жасөспірім балалардың ауытқушылық мінез-құлқы ретіндегі қатыгездік, агрессиялық, жағымсыздық, асоциалды мінез-құлықтарын қарқынды түрде зерттеуді талап етіп отыр. Осындай ауытқушы мінез-құлықтың дамуына ықпал ететін факторларды зерттеу - психология және педагогика ғылымдарының негізгі мәселелері болып табылады.

Қоғамның дамуындағы жеке адамның эмоциясы тұрақты қалыпта болуының қоғамға әсері, экономикалық техниканың жетістіктеріне жетуге итермелейді. Зорлық-зомбылық және агрессия мәселесі күннен-күнге өзекті мәселеге айналып жатыр. Қоғамда жетістіктерге жету күресінің құралы ретінде агрессивтілік ашық және жасырын формада қолданылуы сирек емес, мұндағы жасырын формаға компьютерлік ойындар жатады. Агрессивтілік

жасөспірімдердің жеке тұлғасында негізінен қоғамдағы орнына қанағаттанбаудан, үлкендердің оларды түсінбеуіне қарсылық көрсету түрінде қалыптасады, яғни агрессивті мінез-құлық көрсетуінен байқалады.

Қазіргі таңда жасөспірімдер ортасында кибербуллинг және қорқыту мәселесі өзекті және оларды шешу, алдын-алу шараларын әзірлеу барлық деңгейлерде, яғни Біріккен ұлттар ұйымы сияқты ықпалды халықаралық ұйымдардан бастап, балаларды тәрбиелеу, дамыту және оқыту институттары айналысады. БҰҰ кибербуллинг «БҰҰ-ның Бала құқықтары» жөніндегі конвенциясының 19-бабын бұзу болып табылады деп мәлімдейді.

Қазіргі кезде жасөспірімдерге жаңа замандағы жеке өздерінің интернет желілері қауіп төндіріп отыр, олар интернет желісіне көптеген компьютерлік ойындарға өзінің бос уақытының барлығын жібереді, бірақ психологияда компьютерлік ойындарға бейімділіктің, агрессивтіліктің жеке тұлғалық қасиет ретінде қалыптасуына ықпалы аз зерттелген.

Бүгінгі күні білім беру саласында компьютермен айналысу бала үшін пайдалы болғанымен, ұзақ уақыт экран алдында отыру жүйке жүйесіне күш түсіреді, ұйқысы бұзылады, психикалық реакциялар пайда болуы мүмкін, арқасы, мойын еттерінің ауыруы байқалады. Әр түрлі ойындар баладан реакция жылдамдығын қажет етеді. Олар балаға түрлі оқиғаның ішінде жүргендей сезінуге мүмкіндік береді, көптеген балалар ойынның виртуальды әлеміне кіріп, жарысу кезеңдерін бастан өткізіп, жеңуге ұмтылумен сағаттар бойы отыруға дайын [2].

Компьютерлік ойындардағы зорлық-зомбылық көріністері және соның салдарынан пайда болатын агрессивті қиялдар әлемі жасөспірімдерге де, қоғамға да қауіп төндіріп тұр.

Жасөспірімдерге виртуалдық әлемде рұқсат етілетін жауыздық қимыл, іс-әрекеттерді ойынның мақсатына жету үшін қолдануға әдеттеніп, шынайы өмірде де өз көргендерін іс жүзінде асыруға, бірте-бірте өз мәселелерін шешетін әмбебап құрал ретінде қолдануға болады деген ұстанымның қалыптасуы мүмкіндігі бар.

Ғалымдар, мұндай ойындар баланың психологиясын бұзады деп қатаң ескерту жасауда, ойынға берілген бала мінез-құлқында өктемдік, қатігездік пен ойланбай зорлық жасауға мүмкіндік беретін әдет қалыптасады. Өкінішке орай, бізде ойды дамытатын, білім үйрететін бағдарламалар саны шектеулі, оны таңдап, талғампаздықпен пайдалануға мүмкіндік жоқ.

Теледидардағы қорқынышты немесе фантастикалық фильмдер, компьютерлік ойындардағы күштеу элементтерінің ықпалы туралы мәселелер шешілмеген. Бірақ, агрессиялық мінез-құлық табиғаты біршама зерттелді, мәселен инстинкт теориясы (З.Фрейд), агрессияның фрустрация теориясы (Дж. Доллард), когнитивті теория (З. Берковиц) және әлеуметтік үйрену теориясы (А.Бандура) зерделенген [3].

Агрессиялық мінез-құлықты зерттеу мәселесі төңірегіндегі бұл теориялар бір-бірінен агрессиялық мінез-құлықтың дамуы мен қалыптасуын түрліше түсіндірумен ерекшеленеді. Соңғы көрсетілген теориялар реті адамның агрессиялық мінез-құлқын тоқтату мен бақылаудың барынша көп мүмкіндігін туғызады. Агрессияның әлеуметтік үйрену теориясы әлеуметтену процесінде меңгерілген жағымсыз мінез-құлық моделін көрсетеді. Мысалы, жасөспірім балалар басқа балалармен өзара әрекеттестікке және өзара қатынас барысында түрлі мінез-құлық модельдерін меңгереді.

Мінез-құлықтағы әлеуметтік ауытқушылыққа себепші индивидтік, жеке-даралық, әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық факторлардың жүйелі талдануының жүргізілуі, ауытқушылықтан сақтандыратын тәрбиелік-сауықтырушы жұмыс та толық үздіксіз жүргізілуі керек. Сондықтан жасөспірімдердегі ерте қалыптасқан мінез-құлықтық мәселесі, оның қалыптасуының сипаттамасын жүйелі талдау және үздіксіз адекватты тәрбиелік-түзетуші жұмыс баланың жағымсыз әлеуметтенуіндегі агрессиялық мінез-құлықтан сақтап қалудың сәті болып табылады. Ғылыми-техникалық әлемнің дамуына байланысты жеке тұлғаның өмір сүруіне жаңа әлеуметтік талаптар қойыла бастады. Ойын-сауық индустриясының жаңа түрі - компьютерлік ойындардың пайда болуы жеке тұлғаға, оның ерекшеліктеріне жаңа зерттеулер жүргізуді қажет етеді [3].

Қазақстанда 2021 жылы 2020 жылғымен салыстырғанда кибербуллинг саны екі есеге өскен. Мәселен, 2020 жылы 70 мыңға жуық факті тіркелсе, өткен жылы бұл көрсеткіш 140 мыңнан асқан.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің дерегінше, 2020 жылы 70 мыңға жуық кибербуллинг фактісі анықталған. Бұл көрсеткіш 2021 жылдың 9 айында екі есеге артып, кибербуллингке қатысты 140 мың бұзушылық фактісі тіркелген.

«Ақпараттық алаңға жүргізілген мониторинг талдауы кибербуллинг көрсеткішінің артқанын көрсетіп отыр. Министрлікке де өте көп өтініш түседі. Нақтырақ айтсақ, 2020 жылы мониторинг барысында 70 мыңға жуық кибербуллинг фактісі анықталды, кейін әлеуметтік желілердің әкімшілігіне 1800-ге жуық сұраныс жібердік. Ал 2021 жылы 140 000-ға жуық бұзушылық фактісін анықтадық, сәйкесінше, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер әкімшілігіне 1700-ге жуық хабар жібердік», - деп атап өтілген.

Ал 2020 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы балалар мен жасөспірімдер арасында кибербуллингке қатысты сауалнама жүргізген. Сауалнама нәтижесі бойынша, 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің шамамен 12%-ы кем дегенде бір немесе бірнеше рет кибербуллингке ұшыраған. Сондай-ақ, жасөспірімдердің шамамен 11%-ы кем дегенде бір рет кибербуллинг әрекетін жасауға қатысқан. Мамандардың пайымынша, пандемия салдарынан оқудың, барлық саланың онлайнға өтуі балалардың ғана емес, жастар мен ересектер арасындағы да кибербуллинг көрсеткішінің артуына себеп болып отыр.

Кибербуллингпен күрес шараларына тоқталсақ, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының бастамасы бойынша кейбір заңнамалық актіге бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу әзірленіп жатқанын атап өткеніміз жөн. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат департаменті директорының орынбасары Әлішер Мұқажан заң жобасы шеңберінде балалардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, «онлайн оқыту» ұғымын енгізуге және басқа да онымен байланысты құқықтық қатынастарды орнатып, «буллинг» пен «кибербуллинг» ұғымын құқықтық бекітуге бағытталған бірқатар кодекс пен заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарланғанын жеткізді.

«Осылайша, әлеуметтік желілерге және мессенджерлерге арналған ұғымдарды енгізу және олардың қызмет тәртібін бекіту, ақпаратты жою бойынша онлайн-платформалардың қызметін регламенттеу, ақпаратты орналастыратын немесе ҚР заңдарымен таратылуы өзгеше шектелген интернет-ресурстарды есепке алудың бірыңғай тізімін енгізу секілді мәселелерді жоспарлап отырмыз», - деді Әлішер Мұқажан.

Оның айтуынша, қазіргі таңда ересектер мен балаларға қатысты бірқатар ғайбаттауфактісі тіркелген. Әсіресе жасөспірімдер кибербуллингтің құрбанына айналып жатыр. Ол бұған дейін әлеуметтік желілерде танымал болған суицидтік топтар анықталғанын жеткізді. Онда жүргізілген мониторингке сәйкес, жасөспірімдерге қатысты суицидтік сипаттағы көптеген материал жүктелген.

Әлеуметтік желідегі материалдарды жою үшін бірнеше ай кетті, ал қазір жүргізіліп жатқан мониторинг арқылы әлеуметтік желілерде жасөспірімдерге бағытталған жаңа топтарды тіркеп жатыр. Сондай-ақ, қолданыстағы заңнамада жала жабу, қорлау, өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу және жеке адамға қарсы басқа да қылмыстар түріндегі құқыққа қарсы әрекеттер үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік белгіленгенін атап өтуге болады. Осыған байланысты, әлеуметтік желілерде азаматтар өздерінің құқығына қарсы әрекеттер жасалып, кибербуллингке ұшыраған жағдайда осы фактілер бойынша құқық қорғау органдарына жүгіне алады.

Жалпы, 2021 жылы заңнаманы бұзуға қатысты уәкілетті органның ұсынымы бойынша интернет-ресурстардың меншік иелері мен әкімшілері шамамен 222 453 материалды жойған. Бұдан басқа 2021 жылы «Байланыс туралы» заңда көзделген тәртіппен уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында 10 578-ден астам материалға пайдаланушылар үшін қолжетімділігіне шектеу қойған.

Заңға енгізілетін түзетулер мен өзгерістер барысында, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат департаменті директорының орынбасары Әлішер Мұқажан қазіргі кезде Парламент Мәжілісінде қаралып жатқан заң жобасына енгізілетін түзетулер мен өзгерістер жөнінде нақтылады. Олардың балаларға қатыстысы мен негізгілеріне тоқталсақ, бірінші кезекте «буллинг және кибербуллинг» ұғымы енгізіледі, кәмелетке толмаған адамды қудалау (буллинг) – кемсітушілік сипаттағы жүйелі (екі және одан да көп) іс-әрекеттер, қудалау және қорқыту, оның ішінде көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын және телекоммуникация желілерін пайдалана отырып жасалған іс-әрекеттер (кибербуллинг) деп белгіленетін болады. Одан бөлек әлеуметтік желілерге (онлайн-платформа) және мессенджерлерге (жедел хабарлау сервисі) арналған ұғымдарды, сондай-ақ ҚР аумағындағы шетелдік әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қызметін реттейтін норма енгізілді. Тұтастай алғанда, түзетулерді әзірлеу кезінде халықаралық тәжірибе егжей-тегжейлі зерделенді. Оның қорытындысы бойынша, әлемдік қоғамдастық осы саланы заңнамалық реттеуге әрекет жасап жатқаны анықталды. Мәселен, Еуропаның кейбір елдерінде (Германия және Франция), ТМД елдерінде (Ресей және Өзбекстан) жергілікті заңнаманың ерекшелігін ескере отырып, интернет-кеңістікті құқықтық реттеу жөніндегі нормалар қабылданды. Сондай-ақ Еуропа, Азия, Оңтүстік және Солтүстік Америка елдерінде интернетті, оның ішінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді заңнамалық реттеу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр [2].

Әлем елдеріндегі кибербуллингпен күреске тоқталсақ, балалар арасындағы кибербуллингпен күрес шаралары заңнамалық тұрғыда қалай жүзеге асып жатқанын қарастырып көрейік. Дамыған елдердің көпшілігінде кибербуллингке қарсы шаралар заңмен бекітілген. Оңтүстік Корея 2007 жылы онлайн қорқытуға қарсы арнаулы заңды қабылдады. Жаңа Зеландияда интернетте басқа адамға зиян келтіретін хабарламаларды жариялаған (қорлау, қорқыту, т.б.) авторды екі жылға бас бостандығынан айырып, 40 мың доллардай айыппұл салуы мүмкін. Ал сайт немесе платформаның иесі 160 мың долларға дейін айыппұл төлеуі мүмкін. Германияда да кибербуллинг мәселесі заңмен қарастырылған [4].

Кейбір елдер кибербуллингпен мектептен бастап күресу керек екенін айтып, алдын алу шараларын білім ұйымдарынан бастап жатыр. Ұлыбританияда мектеп оқушыларын одан қорғау үшін білім туралы заңға өзгерістер енгізілген. Мәселен, мұғалімдер кибербуллингтің барлық түрлерінің алдын алу үшін арнайы дайындықтан өтеді. Францияда мұғалімдер оқушылардың блогтарын бақылап, зардап шеккендерге көмек көрсетеді, ал агрессия көрсеткендер мектептен шығарылады.

Канадада мектеп оқушыларына кибербуллингтің алдын алу тәсілдерін үйрету мақсатында 130 зерттеуші-ғалым мен 62 ұлттық жастар ұйымынан қарым-қатынастарды жақсарту және зорлық-зомбылықты жою желісі (Promoting Relationships and Eliminating Violence Network) арнайы әдістеме әзірлеп жатыр.

Америка Құрама Штаттарында кибер-қорқыту туралы федералды заң жоқ, бірақ кейбір штаттарда кибербуллинг пен буллингке қатысты заң бар. Мәселен, Джорджияда 1999 жылдан бері гаджеттерді қорқыту мақсатында пайдалану заңсыз. Кейіннен Невада штатында мектеп оқушыларын ауызша немесе жазбаша қорқыту үшін қылмыстық жаза қарастырылған. Бұдан бөлек The Fight Crime: Invest In Kids коммерциялық емес ұйымы балалар арасындағы кибербуллингпен күресуге көмек қолын созады. Оның құрамында бес мыңға жуық полиция қызметкері, шериф пен заңгерлер жұмыс істейді. Олар қылмыстың алдын алу стратегияларын зерттейді. Сонымен қоса мұғалімдерге, балалар мен ата-аналарға көмектесу үшін stopbullying.gov платформасы іске қосылған. Сайт мектептердегі, жалпы күнделікті өмірде балаға буллинг пен кибербуллингтің алдын алуға көмек беру мақсатында құрылған. Сонымен қатар сайтта баланың кибербуллингке ұшырағанын қалай түсінуге болады, кім кінәлі және оған не істеу керегіне қатысты бірқатар кеңес берілген. Ерекше ауыр жағдайларда авторлар полицияға хабарласуды ұсынады [5].

Аустралияда жала жабатын ақпаратты желіде тарату мәселесі референдумға шығарылды. Заңнамалық реформаға дайындық барысында азаматтардан бірқатар мәселе

бойынша, мысалы, әлеуметтік желілерді қолданушылардың жазбалары үшін жауапкершілікке тарту, өтемақы төлету, жоққа шығару секілді дүниелерге пікір білдіру ұсынылды [6].

Қазақстан: білім беру ұйымдарындағы кибербуллингпен күресте, біздегі білім беру ұйымдарында балалар арасындағы кибербуллинг мәселесінің алдын алу мақсатында қолға алынған шаралар жөнінде ҚР ҒЖБМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Есенғазы Иманғалиев өз сөзінде ұстаздар қауымы үнемі балалардың іс-әрекетіне назар аударып, қызығушылық танытып, олардың өзін қалай ұстайтынын бақылауда ұстау қажеттігін атап өтті. Оның айтуынша, олар әр оқу жылының басында мектеп ережелерін оқушыларға сынып сағаты мен ата-аналар жиналысында түсіндіруге тиіс.

«Мектеп басшылығы барлық баланың қауіпсіздігі, денсаулығы мен әл-ауқатының дұрыс болуын қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар оқушының мінезі мен өзін-өзі ұстауындағы өзгерістерді байқаған жағдайда сынып жетекшісі баламен жеке сөйлесіп немесе баланы мектеп психологына апаруы керек. Осылайша оны қандай мәселе мазалап жүргенін анықтауға тиіс», - деді Есенғазы Иманғалиев.

Егер баланың кибербуллингке ұшырағаны белгілі болса, мектеп басшылығы шұғыл түрде баланың ата-анасына хабарлауы қажет. Буллинг немесе кибербуллинг жағдайларын тексеру және шешу шаралары мектептің буллинг, кибербуллинг саясатына қарсы мінез-құлық ережесінде қарастырылу керек.

Бұдан басқа да еліміздің барлық өңірінде психологиялық қызмет құрылған, сонымен қатар білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын қадағалау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету, психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру психологиялық қызметтің мақсат-міндетіне жатады.

Бұған дейін балалар арасындағы зорлық-зомбылық пен кибербуллингтің алдын алу мақсатында қамқоршылық кеңес құрылған еді. Қамқоршылық кеңестің міндеті – білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысу, оның ішінде зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалармен жұмыстың ұйымдастырылуына ықпал ету. Комитет төрағасы Есенғазы Иманғалиевтің сөзінше, аталған кеңес еліміздің барлық мектебінде жұмыс істеп жатыр.

«Қамқоршылық кеңес елдегі барлық мектепте жұмыс істеп тұр. ҚР БҒМ-ның 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекітілді. Осы қағидаға сәйкес, қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен, өзге де жеке және заңды тұлғалармен бірлесіп қызмет етеді», - деп толықтырды ол [6].

Қамқоршылық кеңестері оқушылар мен тәрбиеленушілер құқықтарының сақталуына баса назар аударатынын атап өткен жөн.

2019 жылы ЮНЕСКО-ға мүше 193 мемлекет мектептерде және интернетте зорлық-зомбылық пен қорлауды тоқтатудың халықаралық күнін белгіледі. Бұл күн адамдардың назарын осы мәселеге аудартып, балалар мен жасөспірімдердің білім алуы мен денсаулығына қатысты құқықтарына кері әсер ететін буллинг пен кибербуллингтің таралуын тоқтату мақсатында жыл сайын қарашаның бірінші бейсенбісінде атап өтіледі.

BR185744152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің мақсатты бағдарламалық қаржыландыру гранттық жобасы аясында жарияланды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Мемлекет басшысы Қ.-Ж.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі».2020 жылғы 1қыркүйек [Электрондық ресурс].- Қолжетімділік тәртібі:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president /memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek).
- 2.Токсанбаева Н.Б., Мадалиева З.Б., Санай Г.Е. К вопросу изучения буллинга в подростковой среде //ХАБАРШЫ «Психология» сериясы. -2020. -Т. 63. -№. 2.
- 3.Белинская, Е.П. Информационная социализация подростков: опыт пользования социальными сетями и психологическое благополучие // Психологические исследования. - 2013. Т. 6. - № 30. - С. 5.
- 4.Авдулова Т.П.Тенденции социализации подростков в контексте информационных предпочтений//Психологические исследования:электрон. науч. журн. - 2011. -№ 6 (20). - С. 8.
- 5.Бабаева Ю.Д. Интернет: воздействие на личность//Гуманитарные исследования в Интернете / Ред. А.Е. Войкунский. - М., 2000. С. 11–39.
6. В Казахстане законодательно закрепят понятие «буллинг». [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://mk-kz.kz/social/2021/03/10/v-kazakhstane-zakonodatelno-zakrepyat-ponyatie-bulling.html>.

ӘОЖ 37.012

ЗАМАНАУИ ОНЛАЙН ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нұрадинов Еркеғали Аминбайұлы

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 4-курс студенті

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Тараз қ.

Ғылыми жетекшісі - Ботабаева Адеми Еркебаевна

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Заманауи білім беру оқытудың инновациялық тәсілдерін қажет ететін тұрақты қиындықтарға тап болады. Технологияның қарқынды дамуы және оқушылардың өзгеріп отыратын қажеттіліктері аясында оқытудың жаңа әдістерін белсенді түрде зерттеу қажет. Бұл зерттеу Padlet, Plickers, QR-код генераторы, Wordwall, оқыту қолданбалары, Canva және ChatGPT сияқты инновациялық білім беру платформаларын олардың оқу тиімділігі мен оқушылардың өзара әрекеттесуіне әсерін анықтау мақсатында зерттеуге және сынауға бағытталған.

Қазіргі таңда оқытудың инновациялық әдістері туралы бар білімді толықтыруды ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер мен білім беру мекемелеріне осы платформаларды білім беру процесіне сәтті интеграциялау үшін практикалық нұсқаулық құруды көздейді. Зерттеуді талдау цифрлық дәуірде оқытудың жаңа стандарттары мен тәсілдерін қалыптастыруға көмектесетін инновациялық әдістерді енгізудің технологиялық ғана емес, педагогикалық аспектілерін анықтауы керек.

Padlet заманауи инновациялық білім беру технологияларының флагмандарының бірі. Бұл виртуалды платформа білім алушылар мен педагогтарға шексіз мүмкіндіктер береді, бұл оқу қызықты өзара әрекеттесуге айналатын динамикалық білім беру кеңістігін жасайды.

Padlet виртуалды тақта ретінде орналастырылған, онда білім алушылар мен педагогтарға мазмұнды әртүрлі форматта орналастыра алады: мәтін, суреттер, бейнелер, аудио және басқа медиа ресурстар. Мультимедиялық мүмкіндіктердің әртүрлілігі Padlet-ті тиімді оқытуды ынталандыратын икемді құралға айналдырады.